

## Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

08 қараша 2022 жыл

### **KASE 2022 жылдың қазан айындағы биржалық нарық жұмысының қорытындыларын ұсынады**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 2022 жылдың қазан айындағы қызметтің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды:

- KASE сауда-саттығының жиынтық көлемі 20,7 трлн теңгені құрады және қыркүйекке қатысты 2,4 %-ға немесе 479,3 млрд теңгеге өсті.
- KASE Индексінің мәні 1,6 %-ға өсіп, 3 132,87 тармақты құрады.
- акциялар нарығын капиталдандыру 2,1 %-ға 22,3 трлн теңгеге дейін, саудаланатын корпоративтік борыш көлемі – 2,8 %-ға 15,0 трлн теңгеге дейін төмендеді.
- 2022 жылдың 01 қарашасындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 234 эмитенттің 584 атаудағы беймемлекеттік бағалы қағаздары болды.
- 2022 жылдың 01 қарашасындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде 445 178 жеке тұлғаға ашылған 474 239 дербес шот болды. Қазан айының қорытындысы бойынша жеке тұлғаларға 33 903 жаңа дербес шот ашылды.

### **НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР**

- "Менің KASE-дегі портфелім" оқыту бағдарламасы аясында Биржа вебинарлар циклын өткізді:
  - "Акциялар мен IPO таңдау: нені білу керек және қалай қатысу керек. Вебинарда спикерлер іргелі және техникалық талдау негізінде акцияларды таңдау туралы, сондай-ақ IPO дегеніміз не, одан қалай ақша табуға болады және қалай қатысуға болатындығы туралы әңгімеледі.
  - "Облигацияларды таңдау". Вебинар спикері облигациялардың сипаттамалары, түрлері мен тәуекелдері, бағалы қағаздарды таңдау кезінде ұстануға тиісті негізгі критерийлер мен принциптер туралы айтып берді.
  - "Инвестициялық қорларды таңдау (KASE-дегі ПИҚ-тер мен ETF)". Вебинарда спикерлер инвестициялық қорлардың түсініктері, түрлері мен сипаттамалары, бағалы қағаздар деректерін таңдау кезінде талдануы қажет негізгі параметрлер туралы әңгімеледі.
- "Эмитент күні" жобасы аясында KASE алаңында қызмет жасап жатқан және әлеуетті инвесторларды "ОнлайнҚазҚаржы" ЖШС (Solva) басшылығымен онлайн-кездесуі болып өтті. Спикерлер компанияның операциялық нәтижелері, бизнес-стратегиясы туралы айтып, борыштық қаржыландыру нарықтарындағы жұмыс жоспарларымен бөлісті.
- 2022 жылдың 04 қазанында бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы (IOSCO) инвесторларды оқыту мен қорғаудың маңыздылығы туралы хабардарлықты арттыру, сондай-ақ бағалы қағаздар жөніндегі реттеуші органдардың әртүрлі бастамаларын жариялау үшін өткізетін world Investor Week халықаралық бастамасы шеңберінде KASE "Ring The Bell for Financial Literacy" рәсіміне қосылды. Қаржылық сауаттылықты дамытудың маңыздылығын

және бүкіл әлемдегі биржалардың қаржылық қызметтерінің қол жетімділігін растау үшін биржалар жыл сайын сауда-саттықтың басталуын білдіретін гонгқа соққы береді.

- Биржада KASE Talks жобасы аясында екі кездесі өтті:
  - "Қазпошта – тек пошта ғана емес". "Қазпошта" АҚ Ақпараттық технологиялар және цифрландыру жөніндегі басқарушы директоры Николай Мельников кездесудің қонағы болды.
  - "SkyBridge Invest" АҚ Басқармасының төрағасы Шолпан Айнабаевамен бірге "SkyBridge-ден IPO туралы барлық мән-жай".
- KASE World Investor Week аясында бірқатар KASE FEST брокерлер жәрмеңкелерін өткізді, оның барысында келушілер "Самұрық-Қазына" АҚ және "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ басшылығымен кездесті. KASE сарапшылары шеберлік кластарын өткізді, ал Қазақстанның жетекші брокерлері қатысушыларды олардың қызметтерімен таныстырды, қор нарығында инвестициялау мәселелері бойынша кеңес берді. Іс-шаралар KIMEP университетінде (Алматы), Nazarbayev University, Graduate School of Business (Астана), Narxoz University (Алматы) және KAZGUU Университетінде (Астана) өтті
- KASE биржалардың қызметі туралы тәжірибе және ақпарат алмасу мақсатында Дубай (БАӘ) және Доха (Катар) қалаларына ресми сапармен барды. Сапар аясында DFM/Nasdaq Dubai биржаларымен, Qatar Stock Exchange, DIFC innovation Hub қаржы орталығының инновациялық хабымен, DIFC – Dubai Financial Services Authority (DFSA) қаржы қызметтерін реттеушісімен және Qatar Financial Center Қаржы орталығымен, сондай-ақ басқа да IT компаниялармен кездесулер ұйымдастырылды.
- Қыркүйек айының ортасынан қазан айының ортасына дейін KASE қызметкерлері жоспарланған ҚазМұнайГаз IPO-ға арналған ақпараттық-түсіндіру кездесулеріне қатысты. Кездесулер бүкіл Қазақстан бойынша 60-тан астам қалалар мен елді мекендерде өтті. Кездесулерге 100 мыңнан астам азамат қатысты. Спикерлер кездесулерге қатысушыларға IPO деген не және оған қалай қатысу керектігін, табысты кейстерді, инвестициялау тәуекелдерін айтып берді, сондай-ақ қатысушылардың көптеген сұрақтарына жауап берді.
- 16-19 қазанда KASE Прагада (Чехия) The Financial Information Services Division (FISD) ұйымдастырған қаржылық ақпарат жөніндегі 15-ші дүниежүзілік конференцияға (WFIC) қатысты. FISD – қаржылық ақпаратты табуға, сәйкестендіруге және ұсынуға арналған жаһандық форум. Іс-шара барысында пандемиядан кейінгі кезеңдегі қаржылық ақпарат индустриясы, орталықтандырылмаған қаржы, баламалы деректер, бұлтты сервистер, жасанды интеллект және алготрейдинг Машиналық оқыту, ESG және басқа да тақырыптарда баяндамалар болды. Сарапшылар бизнеске әсер ететін ең жақсы тәжірибелермен, стандарттармен және жаңа технологиялармен бөлісті.

## АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

2022 жылдың қазан айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 22,3 трлн теңгені (47,8 млрд USD) құрады, бұл өткен айдың ұқсас көрсеткішінен 483,0 млрд теңгеге немесе 2,1 %-ға төмен.

Қазан айының соңында KASE сауда-саттық тізімінде 103 эмитенттің 117 атаудағы акциялар болды, оның ішінде төрт эмитенттің төрт атаудағы акциялар "Листингтік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберілді. Есепті айда эмитенттердің бастамасы бойынша KASE ресми тізімінен төрт атаудағы акциялар алынып тасталды: "Altyntau Kokshetau" АҚ, "Лондон-Алматы "Сақтандыру компаниясы" АҚ қарапайым акциялары, сондай-ақ "Жәйрем тау-кен байыту комбинаты" АҚ жай және артықшылықты акциялары.

Қазан айында акциялармен сауда-саттық көлемі 13,3 млрд теңгені құрап, қыркүйекке қатысты 11,3 %-ға немесе 1,7 млрд теңгеге төмендеді. Сауда-саттықтың барлық көлемі қайталама нарыққа келді. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 666,7 млн теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 1 446 теңгені, бір мәміленің орташа көлемі – 461,1 мың теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде жеке тұлғалардың үлесіне акциялармен жасалған мәмілелердің жалпы көлемінің 46,7 % тиесілі болды. Брокер-дилерлердің үлесі – 11,9 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 7,9 %, басқа заңды тұлғалардың үлесі 33,5 % құрады. Бейрезиденттердің қатысуы 4,3 %-ға бағаланады.

## KASE ИНДЕКСИ

KASE Индексінің мәні қазан айында 1,6 %-ға өсіп, айдың соңына қарай 3 132,87 тармақты құрады. Биылғы жылы индекстік компаниялардың бір бөлігі дивиденд маусымын күзге ауыстырды, сондықтан қазан айында "Қазақтелеком" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ, "KEGOC" АҚ және Kaspi.kz. АҚ дивидендтер төлеу туралы жариялады. Сондай-ақ, есепті айда индекстік компаниялар үшінші тоқсандағы есеп беру маусымын ашты.

2022 жылғы қазанында индекстік акциялармен мәмілелер көлемі 6,3 млрд теңгені құрады, бұл 2022 жылғы қыркүйектегі көрсеткіштен 2,1 млрд теңгеге жоғары. Сауда-саттықтың ең көп көлемі "Kcell" АҚ – ның жай акцияларына – 2,6 млрд теңге (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 41,7 %) және "Банк ЦентрКредит" АҚ-ның жай акцияларына – 2,1 млрд теңге (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 33,0 %) тиесілі болды\*.

Эмитент	Сауда-саттық коды	Бағасы, бір акцияға теңгемен			Сауда-саттық көлемі, млн теңге		
		01.11.22 ж.б.	01.10.22 ж.б.	Δ, %	қазан	қыркүйек	Δ
АҚ Kaspi.kz	KSPI	30 600,00	28 100,00	+8,9	210,1	252,2	-42,1
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	31 379,96	29 156,00	+7,6	60,7	152,8	-92,1
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	620,00	589,00	+5,3	2 090,8	2 024,0	+66,8
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 580,01	1 581,99	-0,1	41,4	45,2	-3,8
"Kcell" АҚ	KCEL	1 535,00	1 553,00	-1,2	2 641,4	186,6	+2 454,8
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	684,97	692,99	-1,2	82,6	129,6	-47,0
"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ	HSBK	118,13	122,01	-3,2	1 016,5	914,4	+102,1
"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ	KZAP	13 163,00	13 722,00	-4,1	197,3	544,6	-347,3

Айдың қорытындысы бойынша жасыл аймақта үш эмитенттің жай акциялары жабылды: Kaspi.kz АҚ (+8,9 %), "Қазақтелеком" АҚ (+7,6 %) және "Банк ЦентрКредит" АҚ (+5,3 %).

Kaspi.kz АҚ жай акцияларының бағасы, бір айда 8,9 % қосып, 2022 жылдың мамыр айындағы деңгейге дейін қалпына келді. 24 қазанда Top 2022 жылдың тоғыз айындағы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті жариялады, оған сәйкес осы кезеңдегі кірістер 40 %-ға 910 млрд теңгеге дейін, таза пайда – 36 %-ға 2021 жылдың ұқсас көрсеткіштеріне қатысты 422 млрд теңгеге дейін өсті. Директорлар кеңесі Kaspi.kz АҚ бір жай акцияға 600 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу мәселесін қарауды ұсынды. Акционерлердің жалпы жиналысының күні 23 қарашаға белгіленді. Естеріңізге сала кетейік, екінші тоқсанның қорытындысы бойынша акционерлер бір акцияға 500 теңге мөлшерінде дивиденд төлеу туралы шешім қабылдады.

Өсу қарқыны бойынша екінші орында "Қазақтелеком" АҚ акциялары тұр, олар бағаға 7,6 % қосты. "Қазақтелеком" АҚ акционерлері 2022 жылдың 07 қарашасынан бастап акцияға 3 509,39 теңге мөлшерінде 2021 жылға дивидендтер төлеуді мақұлдады. Сондай-ақ, 10 қазанда "Қазақтелеком" АҚ 34 млрд теңге сомасына АІХ-ке орналастырылған облигацияларды ішінара мерзімінен бұрын кері сатып алу туралы хабарлады.

Ағымдағы айда 5,3 % өсіммен "Банк ЦентрКредит" АҚ-ның жай акциялары үздік үштікті жабады. Банктің акциялары бесінші ай қатарынан жасыл аймақта жабылып келеді.

## "KASE GLOBAL" СЕКТОРЫ

Қазан айының соңында KASE Global секторында 47 атаудағы акциялар және Van Eck Associates Corporation, BlackRock Fund Advisors, "Global X Басқарушы компаниясы" ЖШҚ және State Street Global Advisors шетелдік эмитенттерінің алты ETF-i болды.

Есепті айда "KASE Global" секторында жалпы сомасы 2,5 млрд теңгеге 2 392 мәміле жасалды. Қыркүйекке қатысты сауда-саттық көлемі 2,4 есе немесе 1,5 млрд теңгеге өсті, бұл ретте мәмілелер саны 1,6 %-ға өсті. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 126,0 млн теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 120, бір мәміленің орташа көлемі – 1,1 млн теңгені құрады.

Айдың қорытындысы бойынша мәмілелердің ең көп көлемі келесі акцияларға түсті:

- Apple Inc. (AAPL\_KZ) – жалпы сомасы 1 875,2 млн теңгеге 150 мәміле;
- NVIDIA Corp. (NVDA\_KZ) – жалпы сомасы 108,1 млн теңгеге 125 мәміле;
- Advanced Micro Devices, Inc. (AMD\_KZ) – 185 сделок на общую сумму 78,9 млн тенге.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде ең үлкен үлес жеке тұлғаларға тиесілі – 50,6 %. Брокер-дилерлердің үлесіне акциялармен жасалған мәмілелердің жиынтық көлемінің 12,5 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 36,8 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 0,4 % құрады.

## КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

Айналыстағы корпоративтік борыш көлемі 2022 жылғы қазанда 2,8 %-ға немесе 435,7 млрд теңгеге 15,0 трлн теңгеге (32,1 млрд USD) дейін төмендеді.

2022 жылдың қазан айының соңында KASE ресми тізімінде 83 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 343 шығарылымы болды. Қазанда KASE ресми тізіміне "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" АҚ облигацияларының бір шығарылымы енгізілді. Қазан айында KASE ресми тізімінен: айналым мерзімінің аяқталуына байланысты "ForteBank" АҚ және "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ бір-бір шығарылымынан алынып тасталды.

KASE\_BY корпоративтік облигацияларының кірістілік индексінің мәні 2022 жылдың қазанда 25 б.т. өсті және айдың соңында жылдық 12,10 % құрады.

KASE корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі қыркүйекке қатысты 4,0 есеге немесе 416,7 млрд теңгеге 557,5 млрд теңгеге дейін өсті. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 27,9 млрд теңгені (қайталама нарықта – 3,9 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 90 мәмілені (қайталама нарықта – 72 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі – 308,8 млн теңгені (қайталама нарықта – 54,4 млн теңге) құрады.

2022 жылдың қазан айында корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығының көлемі 479,7 млрд теңгені құрады, бұл қыркүйек айындағы көрсеткіштен 4,7 есе немесе 378,5 млрд теңгеге жоғары:

- "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ бір жылдан үш жылға дейінгі өтеу мерзімімен жылдық 15,67-16,13 % өтеуге кірістілігі бар облигациялардың төрт шығарылымын орналастыра отырып, 43,8 млрд теңге тартты;
- "Онлайн-Қазқаржы Микроқаржы ұйымы" ЖШС облигациялардың үш шығарылымын орналастырды және:
  - өтеуге кірістілігі жылдық 10,0 % құрайтын және өтеуге дейінгі мерзімі бір жылдан кем облигациялардың екі шығарылымын орналастыра отырып, 7 7,3 млн (3,5 млрд теңгенің баламасы) тартты,
  - Өтеуге кірістілігі жылдық 21,0 % құрайтын, өтеуге дейінгі мерзімі бір жылдан кем облигацияларды орналастыра отырып, 1,3 млрд теңге тартты;
- "Банк "Bank RBK" АҚ өтеуге кірістілігі жылдық 14,5-17,5 % құрайтын он жылдық облигацияларды орналастыра отырып, 20,0 млрд теңге тартты;
- "Қазақстандық тұрғын үй компаниясы" АҚ өтелгенге дейінгі 28,4 жыл мерзімі бар облигацияларды орналастыра отырып, 221,0 млн теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында банктердің үлесі – 7,2 %, брокер-дилерлердің үлесі – 0,6 %, басқа институционалдық инвесторлардың – 4,9 %, өзге заңды тұлғалардың – 86,2 %, жеке тұлғалардың үлесі – 1,0 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 0,1 % құрады.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 2022 жылдың қыркүйегіне қатысты 96,5 %-ға немесе 38,2 млрд теңгеге 77,8 млрд теңгеге дейін өсті.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында банктердің үлесі 2,4 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 7,5 %, басқа институционалдық инвесторлардың – 17,8 %, өзге заңды тұлғалардың – 66,5 %, жеке тұлғалардың үлесі – 5,7 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 16,1 % құрады.

### **МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)**

KASE-де саудаланатын номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы 19,8 трлн теңгені (42,3 млрд USD) құрады, қазан айында 1,2 %-ға немесе 235,1 млрд теңгеге өсті.

KASE-дегі МБҚ сауда-саттығының жиынтық көлемі 385,5 млрд теңгені құрады және қыркүйекке қатысты 20,4 %-ға немесе 98,6 млрд теңгеге төмендеді. 2022 жылдың қазан айының қорытындысы бойынша сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 19,3 млрд теңгені (қайталама нарықта – 2,7 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 14 (қайталама нарықта – 11), бір мәміленің орташа көлемі – 1,4 млрд теңгені (қайталама нарықта-0,2 млрд теңге) құрады.

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 44,1 %-ға немесе 101,5 млрд теңгеге 332,0 млрд теңгеге дейін өсті. Оның ішінде 9,5 млрд теңгені екі облыстың әкімдіктері тартты (мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде көзделген іс-шараларды қаржыландыру мақсатында). Қаржы министрлігі орташа сараланған кірістілігі жылдық 13,90-15,45 % (жылдық 13,90-15,45%), өтеу мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейінгі облигацияларды орналастырып, 322,4 млрд теңге қаржы тартты.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесіне 10,5 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 86,5 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 3,0 % тиесілі болды. Бейрезиденттер МБҚ бастапқы нарығына қатысқан жоқ.

Қайталама нарықтағы сауда көлемі 78,9 %-ға немесе 200,1 млрд теңгеге төмендеп, 53,5 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтағы Ұлттық Банк ноталарымен сауда-саттықтың үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінен 64,5 % немесе 34,5 млрд теңгені, МЕКАМ үлесі – 25,8 % немесе 13,8 млрд теңгені, Қазақстан Республикасы еурооблигацияларының үлесі – 1,8 % немесе 1,0 млрд теңгені құрады. 7,9 % немесе 4,2 млрд теңгені құрайтын қалған көлем шет мемлекеттердің (АҚШ, Түркия Қаржы министрлігінің және Оман Сұлтандығының облигациялары) МБҚ-мен жасалған мәмілелерге келді.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесіне – 40,0 %, брокер-дилерлердің үлесіне – 1,3 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 14,7 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 42,7 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 1,4 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 0,8 %-ға бағаланады.

### **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (МҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ**

Қазан айының соңында KASE сауда-саттық тізімінде төрт халықаралық қаржы ұйымының: Еуразиялық даму банкінің, Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің, Халықаралық қаржы корпорациясы және Азия даму банкі облигацияларының 39 шығарылымы болды.

2022 жылдың қазан айында KASE ресми тізіміне Азия Даму Банкі облигацияларының бір шығарылымы енгізілді. Қазан айында "Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторынан айналыс мерзімінің өтуіне байланысты Азия Даму Банкі облигацияларының бір шығарылымы алынып тасталды.

Қазан айында халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларымен сауда-саттық көлемі өткен аймен салыстырғанда 31,6 млрд теңгеге өсіп, 32,0 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 1,6 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – екі мәмілені, бір мәміленің орташа көлемі – 1,0 млрд теңгені құрады.

Бастапқы нарықта сауда-саттық көлемі 26,5 млрд теңгені құрады:

Азия Даму Банкі жылдық 14,50 % өтеуге кірістілігі бар екі жылдық "жасыл" халықаралық облигацияларды орналастыра отырып, 3,4 млрд теңге тартты;

- Еуразиялық Даму Банкі жылдық 15,00 % өтеуге кірістілігі және 1,8 жыл өтеуге дейінгі мерзімі бар облигацияларды орналастыра отырып, 23,0 млрд теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде бастапқы нарықта банктердің үлесі 46,5 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 2,9 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 50,6 % құрады. Бейрезиденттер ХҚҰ-ның бастапқы нарығына қатысқан жоқ.

2022 жылдың қазанында қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі қыркүйекпен салыстырғанда 5,1 млрд теңгеге өсіп, 5,6 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 278,9 млн теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – бір мәмілені, бір мәміленің орташа көлемі – 214,6 млн теңгені құрады.

Халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары тұрғысынан барлық көлем заңды тұлғалардың шоттарына түсті. Бейрезиденттердің қатысуы 48,3 %-ға бағаланады.

## **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ПАЙЛАРЫ**

2022 жылдың 01 қарашасында "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында жеті басқарушы компания мен алты ETF басқаратын 21 құралы болды.

Есепті айда сауда-саттық көлемі 205,4 млн теңгені құрады және 2022 жылдың қыркүйегіне қатысты 29,8 %-ға немесе 87,3 теңгеге төмендеді. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 49,4 % жеке тұлғалардың шоттарына, 8,1 % – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 42,4 % – басқа заңды тұлғаларға тиесілі болды.

## **ТУЫНДЫ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ**

2022 жылдың 01 қарашасындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде бес шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДҚ) болды, олардың базалық активтері "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ, "Қазатомөнеркәсіп" АҚ Kaspi.kz, "Қазақтелеком" АҚ және "ForteBank" АҚ жай акциялары болып табылады.

2022 жылдың қазан айында сауда-саттық көлемі 56,0 млн теңгені құрады және 2022 жылдың қыркүйегіне қатысты 58,2 %-ға немесе 77,9 млн теңгеге төмендеді. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 50,2 % жеке тұлғалардың шоттарына, 49,3 % – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 0,5 % – басқа заңды тұлғаларға тиесілі болды.

## **ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ШОТТАРЫ**

2022 жылдың 01 қарашасындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде 445 178 жеке тұлғаға ашылған 474 239 дербес шот болды. Қазан айының қорытындысы бойынша жеке тұлғаларға 33 903 жаңа дербес шот ашылды.

## **ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ НАРЫҒЫ**

Ағымдағы жылдың қазан айында KASE шетел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа KASE 29 мүшесі қатысты.

Шетел валюталары нарығындағы сауда-саттық көлемі қыркүйекке қатысты 24,3 %-ға 3,3 трлн теңгеге дейін өсті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 164,6 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 374, бір мәміленің орташа көлемі – 440,5 млн теңгені құрады.

Төмендегі кестеде KASE-де саудаланатын валюта жұптарының негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшада көрсеткіштің алдыңғы айға өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).



Жұп	Көлемі, валютаның млн бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Мин. және макс. бағам, базалық валютаға баға белгіленетін валютаның саны	Айдың соңындағы бағам (өзг. %)
USD/KZT	2 819,94 (+32,4 %)	40,4 % (+2,1 %)	6 394 (+982)	462,00-481,50	468,23 (-1,7 %)
RUB/KZT	42 120,27 (-14,3 %)	9,9 % (-5,2 %)	767 (-125)	7,4500 – 8,2000	7,6000 (-8,4 %)
CNY/KZT	1 749,25 (x3,6)	3,5 % (+2,2 %)	173 (+27)	64,2200 – 67,0300	64,6023 (-3,8 %)
EUR/KZT	4,12 (-90,1 %)	0,1 % (-0,7 %)	15 (-212)	464,20 – 467,10	466,87 (+1,6 %)
EUR/USD	3 272,55 (+30,9 %)	46,1 % (+1,5 %)	124 (-348)	0,9680 – 1,0070	0,9962 (+1,5 %)

### АҚША НАРЫҒЫ

Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі қазан айында 16,4 трлн теңгені құрап, қыркүйек айындағы көрсеткішке қатысты 3,0 %-ға немесе 514,1 млрд теңгеге төмендеді.

26 қазанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1,0 п.т. пайыздық дәлізімен жылдық 16,0 %-ға дейін көтеру туралы шешім қабылдады, тиісінше өтімділікті беру бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша мөлшерлеме 17,0 %, ал өтімділікті алу бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша – 15,0 % құрады.

Мәмілелер көлемі арқылы орташа өлшенген USD/KZT валюталық своп операциялары және бір жұмыс күні ашылған МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістіліктің мәні болып табылатын MM\_Index ақша нарығының композиттік индикаторы 76 б.т.-қа жылдық 14,8 7%-дан 15,63 %-ға дейін ұлғайды.

### РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Репо операцияларының жиынтық көлемі қазан айында 14,0 трлн теңгені құрады, бұл қыркүйек көлемінен 767,7 млрд теңгеге немесе 5,2 %-ға аз. Орташа күндік мәнде операциялар көлемі 701,2 млрд теңгені, күнделікті жасалған мәмілелердің орташа күндік саны – 1 017, мәміленің орташа көлемі – 689,2 млн теңгені құрады.

МБҚ – мен авторепо операцияларының көлемі 10 603,7 млрд теңгені немесе 75,6 %, ББҚ – мен авторепо – 3 407,7 млрд теңгені немесе 24,3 %, МБҚ тікелей репо – 8,8 млрд теңгені немесе 0,1 % , ББҚ тікелей репо – 3,9 млрд теңгені немесе 0,03 % құрады.

2022 жылдың қазан айының қорытындысы бойынша TONIA индикаторы 73 б.т.-қа жылдық 14,68 %-дан 15,41 %-ға дейін, TRION индикаторының мәні – 79 б.т.-қа жылдық 14,64 %-дан 15,43 %-ға дейін өсті, репо ашу мәмілелері бойынша жеті жұмыс күні мерзіміне орташа өлшенген пайыздық мөлшерлемені білдіретін TWINA индикаторының мәні – 143 б.т. жылдық 14,11 %-дан 15,54 %-ға дейін өсті.

### ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Валюталық своп операцияларының жиынтық көлемі қазан айында 2,4 трлн теңгені құрады, бұл қыркүйек көлемінен 253,6 млрд теңгеге немесе 11,9 %-ға жоғары. Операциялардың орташа күндік көлемі 119,5 млрд теңгені, күнделікті жасалған мәмілелердің орташа күндік саны – 23, мәміленің орташа көлемі – 5,2 млрд теңгені құрады.

Құралдық құрылымда 2 175,9 млрд теңге немесе своптармен сауда-саттық көлемінің 91,1 % USDKZT своптарына, 202,3 млрд теңге немесе 8,5 % – RUBKZT, 11,4 млрд теңге немесе 0,5 % –

EURKZT своптарына тиесілі болды. Құралдық құрылымда валюталық своп нарығындағы жалпы көлемнің 78,6 %-ы (1 878,6 млрд теңге немесе 3 976,9 млн USD) бір күндік валюталық своппен (USDKZT\_0\_001) операцияларға, валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 12,4 %-ы (297,3 млрд теңге немесе 629,7 млн USD) екі күндік валюталық своппен операцияларға тура келді (USDKZT\_0\_002), валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,2 % (3,8 млрд теңге немесе 500,0 млн RUB) бір күндік валюталық своппен (RUBKZT\_0\_001) операцияларға тура келді, Валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 8,3 %-ы (198,6 млрд теңге немесе 25 900,0 млн RUB) екі күндік валюталық своппен (RUBKZT\_0\_002) операцияларға, валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,5 %-ы (11,4 млрд теңге немесе 25,0 млн RUB) бір күндік валюталық своппен операцияларға (EURKZT\_0\_001).

SWAP-1D (USD) бір күндік долларлық своптың кірістілігі қазан айының соңында жылдық 16,76 %-ға жетті, бір айда 94 б.т.-қа өсті, SWAP-2D (USD) екі күндік валюталық своптың кірістілігі қазан айында 140 б.т.-қа жылдық 17,40 %-ға дейін өсті.

## **ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ**

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында АҚШ долларының теңгеге бағамына, Ресей рублінің теңгеге бағамына, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларына, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акцияларына және KASE индексіне жеткізілімсіз фьючерстер саудаға қолжетімді.

2022 жылдың қазан айында осы секторда мәмілелер жасалған жоқ. Қараша айының басында туынды құралдар нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашық позициялары болмады.

## **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші орында және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша бесінші орында. Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

*Қосымша ақпарат:* +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz